

## Қазақстан Республикасының Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 21 ақпан N 225. Күші жойылды - ҚРҮ-нің 1997.05.20. N 851 қаулысымен. ~P970851

"Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдарының құрылымын жетілдіру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 19 қазандағы N 2541 U952541\_ Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 33, 409-бап) сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті туралы Ереже бекітілсін (қоса беріліп отыр).

2. Қазақстан Республикасы Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеттің оның құзырына жатқызылған мәселелер бойынша шешімдері Қазақстан Республикасының министрліктері, мемлекеттік комитеттері, өзге де атқарушы органдары мен меншік нысанына қарамастан заңды тұлғалардың және жеке тұлғалардың орындауы үшін міндетті деп белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитетіне Үкіметтің тапсырмасымен стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі халықаралық, шетелдік, аймақтық және ұлттық ұйымдарда Қазақстан Республикасының мүддесін білдіруге өкілеттік берілсін.

4. Төрағаға бекітілген құрылым, саны және еңбекақы қоры шегінде штаттық кестені бекіту құқығы берілсін.

5. Қазақстан Республикасының Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеттің аумақтық органдарының, кәсіпорындарының және ұйымдарының тізбесі бекітілсін (қоса беріліп отыр).

6. Қазақстан Республикасының Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитетінің және оның ведомстволық бағыныстағы органдардың стандарттаудың, техникалық шарттардың, метрологиялық ережелердің сақталуына, өлшем құралдарының жай-күйі мен қолданылуына, сондай-ақ физикалық көлемдер бірлігінің эталондық базасын құру және ұстау, Қазақстан Республикасының негізгі стандарттарын және мемлекетаралық стандарттарды жасауға мемлекеттік қадағалау бөлігіндегі қызметін қаржыландыру республикалық бюджет есебінен жүзеге асырылады деп белгіленсін.

ЕСКЕРТУ. 6-тармақтың 2-абзацы алынып тасталды - ҚРҰ-нің  
1997.04.08. N 505 қаулысымен. P970505\_

7. "Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы  
Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті туралы"  
Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 22 сәуірдегі N  
424 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1994 ж., N 19, 190-бап)  
;

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдеріне өзгертулер мен  
толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің  
1995 жылғы 6 ақпандағы N 115 қаулысымен (Қазақстан Республикасының  
ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 5, 62-бап) бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
шешімдеріне енгізілетін өзгертулер мен толықтырулардың 30-тармағы;

"Стандарттау және сертификаттау мәселелері жөніндегі Қазақстан  
Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгертулер енгізу және күші  
жойылған деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің  
1995 жылғы 13 қыркүйектегі N 1259 P951259\_ қаулысымен

(Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 30, 377-бап) бекітілген  
стандарттау және сертификаттау мәселелері жөнінде Қазақстан  
Республикасы Үкіметінің шешімдеріне енгізілетін өзгертулердің  
3-тармағының күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1996 жылғы 21 ақпандағы  
N 225 қаулысымен  
БЕКІТІЛГЕН

Қазақстан Республикасының Стандарттау, метрология  
және сертификаттау жөніндегі комитеті туралы  
ЕРЕЖЕ

## I. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының Стандарттау, метрология және сертификаттау  
жөніндегі комитеті (Қазақстан Республикасының Мемстандарты) Қазақстан

Республикасындағы стандарттау, метрология, сертификаттау және стандарттардың талаптарының, техникалық жағдайлардың және өлшеу құралдарының жай-күйіне сақталуына мемлекеттік қадағалау саласындағы мемлекеттік басқаруды жүзеге асырушы орталық атқарушы орган болып табылады.

2. Қазақстан Республикасының Мемстандарты өзінің қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын, Қазақстан Республикасы Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерін, халықаралық шарттары мен келісімдерін, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алып жүзеге асырады.

3. Қазақстан Республикасының Мемстандартты заңды тұлға болып табылады, орыс және қазақ тілдерінде өзінің атауы жазылған Қазақстан Республикасының Мемлекеттік гербі бейнеленген мөрі, фирмалық бланкілері, арнаулы белгісі мен тексеру, сертификаттау жұмыстарын, өлшеу құралдарының сериялық шығарылымын тіркеуге және куәландыруға және басқа да мақсаттарға арналған мөртаңбалары бар.

## II. Міндеттері мен функциялары

4. Мемстандарттың негізгі міндеттері мыналар болып табылады: өнімнің сапасын қамтамасыз ету және Қазақстан Республикасының мүдделерін, тұтынушылардың құқықтарын қорғау, халықаралық рынокқа шығу кезінде тауар айырбасында техникалық кедергілерді жою мақсатында стандарттау, метрология, сертификаттау саласында бірыңғай ғылыми-техникалық саясат жүргізу;

нарықтық қатынастардың дамуына жағдай жасайтын нормативтік база құру; стандарттау, сертификаттау және өлшемдер бірлігінің мемлекеттік жүйесін әзірлеу, жұмыс істеуін қамтамасыз ету мен жетілдіру;

физикалық шамалар бірліктерінің эталондық базасын құру мен қолдау;

Қазақстан Республикасының стандарттарын халықаралық, аймақтық және мемлекетаралық стандарттарға сәйкестікке келтіру;

заңдар мен нормативтік актілерді әзірлеуге қатысу, стандарттау, метрология, сертификаттау, мемлекеттік қадағалау бойынша әдістемелік құжаттар әзірлеу;

стандарттау, метрология және өлшемдер бірлігінің халықаралық, мемлекетаралық және мемлекеттік жүйелерінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдар мен заңды тұлғалардың жұмысын үйлестіру және ұйымдастыру-әдістемелік басшылықты жүзеге асыру;

өнімнің сапасына, стандарттардың талаптары мен техникалық шарттардың сақталуына, метрологиялық қағидалар мен өлшеу құралдарының жай-күйіне

мемлекеттік қадағалауды жүзеге асыру.

5. Мемстандарт өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес:

Қазақстан Республикасында стандарттауды, метрология мен сертификаттауды дамытудың негізгі бағыттарын айқындайды;

Қазақстан Республикасының министрліктерімен, мемлекеттік комитеттерімен және басқа орталық және жергілікті атқарушы органдарымен бірлесіп өнімнің техникалық деңгейін және сапасын көтеру, оның сыртқы рынокта бәсекелестік қабілетін арттыру жөніндегі ағымдағы және ұзақ мерзімді бағдарламаларды әзірлеуге қатысады;

стандарттаудың, метрология және сертификаттаудың мемлекетаралық және аймақтық жүйелерін әзірлеуге қатысады, оның жұмыс істеуін ұйымдастырады;

стандарттау, метрология және сертификаттау объектілері бойынша мемлекетаралық бағдарламаларды жасауға және жүзеге асыруға қатысады;

стандарттау, метрология және сертификаттауды дамытудың қол жеткен деңгейіне баға береді, бұл салаларда ғылым мен техника жетістіктерін мейлінше тиімді пайдалану жолдарын айқындайды;

Қазақстан Республикасының министрліктерімен, мемлекеттік комитеттерімен, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдарымен және стандарттау жөніндегі техникалық комитеттермен бірлесіп мемлекеттік стандарттаудың жыл сайынғы жоспарларын әзірлейді және оларды бекітеді, сондай-ақ мемлекетаралық стандарттау жоспарларына ұсыныстар дайындайды;

Қазақстан Республикасының стандарттарын және стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі басқа да нормативтік құжаттарды әзірлеуді, қайта қарауды, сараптауды, бекіту мен тіркеуді ұйымдастырады;

басқа елдердің мемлекеттік, мемлекетаралық, аймақтық, халықаралық және ұлттық стандарттарының қорын құрады және жүргізеді;

мемлекеттік, мемлекетаралық стандарттарды, сондай-ақ стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі халықаралық ұйымдардың ережелері мен ұсыныстамаларын басып шығарады, қайта басуды және тартуды жүзеге асырады;

министрліктерге, мемлекеттік комитеттерге, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдарға және шаруашылық жүргізуші субъектілерге өнімге және шығарылған өлшеу құралдарына арналған тіркелген нормативтік құжаттама туралы, сондай-ақ стандарттау, метрология және сертификаттау саласындағы нормативтік құжаттама талаптарының өзгерісі туралы хабарлайды;

стандарттардың талаптары мен техникалық шарттардың, метрологиялық қағидалардың сақталуына, өлшеу құралдарының жай-күйі мен қолданылуына ведомстволық қызметтердің, орталық атқарушы органдардың және меншіктің барлық нысанындағы заңды тұлғалардың стандарттау және метрология

қызметтерінің жұмысына мемлекеттік қадағалауды, сондай-ақ сертификатталған және лицензияланған өнімге инспекциялық бақылауды ұйымдастырады және жүргізеді ;

мемлекеттік қадағалаудың нәтижелерін қорытындылайды, отандық өнімнің техникалық деңгейі мен бәсекелестік қабілетіне (тауарлар, қызмет көрсету) талдау жасайды, отандық және импортталған өнімнің сапасы туралы, стандарттардың талаптары мен техникалық шарттардың бұзылуы туралы деректер банкін қалыптастырады және Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат береді ;

өнімді сертификаттау және сапа жүйелері жөніндегі жұмыстарды (қызмет, қызмет көрсету), сертификаттау жөніндегі органдарды, сынақ зертханаларын ( орталықтарын) мен кәсіпорындарды бекіту мен тіркеуді ұйымдастырады және жүргізеді ;

сертификаттау жөніндегі тіркелген органдар, сынақ зертханалары ( орталықтары мен кәсіпорындары, сертификатталған өнім мен сертификатталған сапа жүйелері туралы) туралы басқарушы органдар мен меншіктің барлық нысанындағы заңды тұлғаларға, мүдделі халықаралық, аймақтық және ұлттық ұйымдарға хабарлайды ;

техникалық-экономикалық және әлеуметтік ақпаратты жіктеу мен кодтау, өнімді каталогтау, өнімді штрихті кодтау жүйесін енгізу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырады ;

мемлекеттік қару-жарақ кадастрын жүргізуді ұйымдастырады;

өлшеу құралдарын жасау, тексеру, жөндеу, сату және жалға беру, алкогольды өнім өндіру, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Мемлекеттік нышанын білдіретін заң жүзінде бекітілген материалдық бейнелі заттар жөніндегі заңды және жеке тұлғалардың қызметіне лицензиялау жүргізеді;

физикалық шамалар бірліктерінің мемлекеттік эталондық базасын қажетті деңгейде сақтауды, қолдауды және дамытуды қамтамасыз етеді;

қолдануға рұқсат етілген өлшеу құралдарының, стандартты үлгілердің, тіркелген тексеру зертханалары мен метрологиялық қызметтердің мемлекеттік реестрін жүргізеді ;

мемлекеттік және ведомстволық метрологиялық қызметтердің, заттар мен материалдардың стандарттық үлгілері қызметтерінің жұмыс істеуін ұйымдастырады ;

Қазақстан Республикасында шығарылған және импортталған өлшеу құралдарына мемлекеттік сынақтар, өлшеу құралдары мен өлшем жүйелеріне мемлекеттік тексеріс пен метрологиялық аттестация жүргізеді, сондай-ақ өлшеу құралдарын жасайтын, жөндейтін, жалға беретін және сататын заңды тұлғалардың есебін алады ;

стандарттау, сертификаттау және метрология саласында мамандар мен аудиторлар даярлау мен олардың біліктілігін көтеруді ұйымдастырады және жүргізеді, аудиторлардың мемлекеттік реестрін жүргізеді;

стандарттау, метрология және сертификаттау саласында халықаралық және мемлекетаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады;

Үкіметтің тапсыруы бойынша стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі халықаралық, шетелдік, аймақтық және ұлттық ұйымдарда Қазақстан Республикасын білдіреді;

Қазақстан Республикасының Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті аймақтық органдарының, кәсіпорындары мен ұйымдарының қызметінің негізгі бағыттарын айқындайды, олардың қызметіне бақылау жасайды;

ЕСКЕРТУ. 5-тармақтан 27-абзац алынып тасталды - ҚРҰ-нің 1997.04.08. N 505 қаулысымен. P970505\_

### III. Құқықтары мен міндеттері

6. Қойылған міндеттер мен жүктелген функцияларын орындау үшін Қазақстан Республикасы Мемстандартының мыналарға құқы бар:

өз құзыреті шегінде министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдар мен меншіктің барлық нысанындағы заңды тұлғалардың орындауы міндетті шешімдер қабылдайды;

Қазақстан Республикасының Мемстандартына жүктелген міндеттерді орындау үшін белгіленген тәртіппен кәсіпорындарда, ұйымдар мен меншіктің барлық нысанындағы басқа да заңды тұлғаларда болады;

стандарттардың талаптары мен техникалық шарттардың, метрологиялық қағидалар мен сертификаттау ережелерінің бұзылуы фактілерін анықтаған кезде белгілі бір заң шараларын қабылдайды;

өнім мен тауарлар сатуға және тұтынуға жарамсыз деп танылған жағдайларда Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен оларды жою немесе одан әрі өңдеуге шешім қабылдайды;

стандарттау, метрология, сертификаттау және өнімнің сапасы бойынша министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдар мен заңды тұлғалардың жүргізген жұмысының жай-күйі туралы оларды тыңдайды, өз құзыретінің шегінде тиісті шаралар қабылдайды, өзіне жүктелген міндеттерді орындау үшін белгіленген тәртіппен қажетті ақпаратты сұрайды және алады;

стандарттау, метрология, сынақтар мен сертификаттау саласындағы бірлескен жұмыс үшін белгіленген тәртіппен жоғары білікті мамандарды тартады;

өнімге, сапа жүйесіне, өлшеу құралдарының үлгілерін жасау мен бекітуге  
с е р т и ф и к а т т а р б е р е д і ;

шетел сертификаттарын, белгілерінің сәйкестілігін тану ережелерін  
белгілейді, шетел сынақ орталықтарын, тексеру зертханаларын және Қазақстан  
Республикасының мемлекеттік сертификаттау жүйесіндегі сертификаттау  
жөніндегі органдарды тіркеуді жүргізеді;

алкогольды өнім өндіру, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік нышанын  
білдіретін заң жүзінде бекітілген материалдық-бейнелі заттар жасау, сондай-ақ  
өлшеу құралдарын жасау, тексеру, жөндеу, сату және жалға беру құқына заңды  
және жеке тұлғаларға белгіленген нысанда лицензиялар береді;

министрліктермен, мемлекеттік комитеттермен, өзге де орталық және  
жергілікті атқарушы органдармен және заңды тұлғалармен бірлесіп  
стандарттарды әзірлеу жөніндегі техникалық комитеттер құрады;

әкімшілік және экономикалық санкцияларын қолдану немесе олардың күшін  
жою жөнінде шешімдер, сондай-ақ аумақтық органдар жүргізген тексерістердің  
нәтижесі бойынша кәсіпорындарға, ұйымдар мен басқа да заңды тұлғаларға  
заңмен белгіленген ықпал ету шараларын қабылдайды.

7. Қазақстан Республикасының Мемстандарты:  
стандарттау, метрология және сертификаттау саласында бірыңғай  
ғылыми-техникалық саясат жүргізуге;

өнімнің, тауарлар мен қызмет көрсетулердің сапасы мәселелерінде  
тұтынушылар құқықтарын қорғауға;

халықаралық рынокқа шығу кезінде тауар айырбасындағы кедергілерді  
ж о ю ғ а ж ә р д е м б е р у г е ;

нарықтық қатынастарды дамытуға жағдай жасайтын нормативтік база құруға;

стандарттау, сертификаттау және өлшемдер бірлігі мемлекеттік жүйесінің  
жұмыс істеуін және жетілдірілуін қамтамасыз етуге міндетті.

#### І V . Б а с ш ы о р г а н д а р ы

8. Қазақстан Республикасының Мемстандартын Қазақстан Республикасының  
Үкіметі тағайындайтын Төраға басқарады. Мемстандарт Төрағасы өзінің  
лауазымы бойынша стандарттар мен өлшеу құралдарын қадағалау жөніндегі  
Қазақстан Республикасының бас мемлекеттік инспекторы болып табылады.

Қазақстан Республикасы Мемстандартының Төрағасы:

орталық және жергілікті атқарушы органдарда, ұйымдар мен кәсіпорындарда  
Қазақстан Республикасы Мемстандартының мүдделерін білдіреді, шарттар  
жасайды, банктерде есеп айырысу және басқа да шоттар ашады, Қазақстан  
Республикасының Мемстандартына жүктелген міндеттердің орындалуына жеке

жауапкершілікте

болады;

Қазақстан Республикасы Мемстандартының құрылымдық бөлімшелері мен оған ведомстволық бағыныстағы кәсіпорындар мен ұйымдардың қызметін ұйымдастырады;

Қазақстан Республикасы Мемстандартының жүйесіне кіретін аумақтық органдардың (стандарттар мен өлшеу құралдарын қадағалау жөніндегі облыстардың бас инспекторларын), кәсіпорындар мен ұйымдардың басшыларын тағайындайды және босатады;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсыруы бойынша стандарттау және метрология жөніндегі халықаралық, шетелдік, аймақтық және ұлттық ұйымдарда Қазақстан Республикасының Мемстандартын білдіреді.

9. Қазақстан Республикасы Мемстандарты Төрағасының орынбасарын Қазақстан Мемстандарты Төрағасының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі тағайындайды.

Қазақстан Республикасы Мемстандарты Төрағасының орынбасары лауазымы бойынша стандарттар мен өлшеу құралдарын қадағалау жөніндегі бас мемлекеттік инспектордың орынбасары болып табылады.

10. Қазақстан Республикасының Мемстандартында алқа құрылады, оның сандық құрамын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді, жеке құрамын Қазақстан Республикасы Мемстандартының Төрағасы бекітеді. Алқаның шешімдері Қазақстан Республикасы Мемстандарты Төрағасының қаулылары және бұйрықтарымен жүзеге асырылады.

#### V. Аумақтық органдардың, кәсіпорындар мен ұйымдардың жұмысын ұйымдастыру

11. Қазақстан Республикасының Мемстандарты оған ведомстволық бағыныстағы аумақтық органдардың, кәсіпорындар мен ұйымдардың жұмысына тікелей басшылық жасайды. Қазақстан Республикасының Мемстандарты мен оған ведомстволық бағыныстағы аумақтық органдарының,

кәсіпорындар мен ұйымдардың арасындағы өзара қарым-қатынасы "Мемлекеттік кәсіпорындар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығына сәйкес және осы Ережемен реттеледі.

12. Қазақстан Республикасының Мемстандарты Қазақстан Республикасының тиісті мемлекеттік органдарына белгіленген тәртіппен мерзімді және жиынтық жылдық есепті тапсырады.



Үкіметінің  
1996 жылғы 21 ақпандағы  
N 225 қаулысына  
ҚОСЫМША

Қазақстан Республикасының Стандарттау, метрология және  
сертификаттау жөніндегі комитеті аумақтық органдарының,  
кәсіпорындары мен ұйымдарының

Т І З Б Е С І

Қазақстан Республикасы Мемстандартының  
Алматы стандарттау және метрология  
орталығы Алматы қаласы

Қазақстан Республикасы Мемстандартының  
Ақмола стандарттау және метрология  
орталығы Ақмола қаласы

Қазақстан Республикасы Мемстандартының  
Ақтөбе стандарттау және метрология  
орталығы Ақтөбе қаласы

Қазақстан Республикасы Мемстандартының  
Атырау стандарттау және метрология  
орталығы Атырау қаласы

Қазақстан Республикасы Мемстандартының  
Шығыс Қазақстан стандарттау және  
метрология орталығы Өскемен қаласы

Қазақстан Республикасы Мемстандартының  
Жамбыл стандарттау және метрология  
орталығы Жамбыл қаласы

Қазақстан Республикасы Мемстандартының  
Жезқазған стандарттау және метрология  
орталығы Жезқазған қаласы

Қазақстан Республикасы Мемстандартының  
Батыс Қазақстан стандарттау және  
метрология орталығы Орал қаласы

Қазақстан Республикасы Мемстандартының  
Қарағанды стандарттау және метрология  
орталығы Қарағанды қаласы

Қазақстан Республикасы Мемстандартының  
Қызылорда стандарттау және метрология  
орталығы Қызылорда қаласы

Қазақстан Республикасы Мемстандартының  
Көкшетау стандарттау және метрология  
орталығы Көкшетау қаласы

Қазақстан Республикасы Мемстандартының  
Қостанай стандарттау және метрология  
орталығы Қостанай қаласы

Қазақстан Республикасы Мемстандартының  
Маңғыстау стандарттау және метрология  
орталығы Ақтау қаласы

Қазақстан Республикасы Мемстандартының  
Павлодар стандарттау және метрология  
орталығы Павлодар қаласы

Қазақстан Республикасы Мемстандартының  
Солтүстік Қазақстан стандарттау және  
метрология орталығы Петропавл қаласы

Қазақстан Республикасы Мемстандартының  
Семей стандарттау және метрология  
орталығы Семей қаласы

Қазақстан Республикасы Мемстандартының  
Талдықорған стандарттау және метрология  
орталығы Талдықорған қаласы

Қазақстан Республикасы Мемстандартының  
Торғай стандарттау және метрология

орталығы

Арқалық қаласы

Қазақстан Республикасы Мемстандартының  
Оңтүстік Қазақстан стандарттау және  
метрология орталығы Шымкент қаласы

Қазақстан Республикасы Мемстандартының  
кәсіпорындардың арақ өнімдерін өндіру  
құқығын тексеру орталығы Алматы қаласы

Қазақстан Республикасы Мемстандартының  
"ҚАЗСЕРТИКО" өнімдерді сертификаттау  
және сынау орталығы Алматы қаласы

Қазақстан Республикасы Мемстандартының  
"СТАНДАРТЫ" баспа-полиграфиялық  
кәсіпорны Алматы қаласы